



ӘОЖ: 94 (574)

КОНСТИТУЦИЯ – ЕЛІМІЗДІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ТЫНЫШТЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Ш. С. Аймукашева, Г. Е. Рамазанова

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Бұл мақалада Қазақстан тарихындағы 5 Ата заңымыздың қысқаша шолу жасалды. 1995 жылғы Тәуелсіз Қазақстанның Конституциясына көп көңіл аударылады. 1995 жылы қабылданған Конституция құқықтық мемлекет құру мен қоғамды демократияландырудың жетістіктері арқасында Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі еліміздің халықаралық беделін көтерді.

В данной статье рассматривается краткий обзор 5 Основных законов в истории Казахстана. Особое внимание было уделено Конституции 1995 года, принятой в Независимом Казахстане. Председательство Казахстана в ОБСЕ повысил авторитет нашей страны на международной арене за счет построения правового государства и демократизации общества в результате принятой Конституции 1995 года.

The short review of 5 main laws in the history of Kazakhstan is considered in the article. The special attention has been given the Constitution of 1995, accepted in Independent Kazakhstan. The presidency of Kazakhstan in OSCE has raised authority of our country on international scene at the expense of creation of lawful state and democratization of a society as the result of the accepted Constitution of 1995.

Мемлекетіміздің құқықтық-демократиялық даму жолында өркендеуінің бірден-бір ұйытқысы – тәуелсіз еліміздің Конституциясына он бес жыл толуы. Тарих үшін бұл уақыттың бір ғана сәті екендігіне қарамастан, еңсесін тіктеп, таяуда ғана тәуелсіздік алған еліміз үшін бұл оқиғаның маңызы ерекше. Себебі, «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы,...», – деп басталатын Ата заңымыз біздің ата-бабаларымыздың аңсап кеткен егемендігі мен тәуелсіздігіне қол жеткізуінің куәсі іспетті. Тарихы сонау тереңде жатқан қазақ елі үшін тәуелсіз ел болып, еліміздің мемлекет болып бой көтеруі – үлкен жетістік деп тануымыз керек.

Мемлекет – бұл тек қана белгілі бір территория немесе әр алуан ұлттардың, азаматтардың бірлігі ғана емес, ол тарих парақтарында бұрынғы ұрпақтардан үлгі алған және болашақтан үміт күтетін жүйелі түрде жазылған Ата заңы бар қоғам.

Қазақстанда конституциялық құрылыс идеялары өз қайнар көзімен ғасырлар бойы жалғасын тауып келеді. Олардың қалыптасуына «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» сияқты XV-XVIII ғасырлардың заңдар жинағы маңызды рөл атқарды.

Оқиғалардың жедел дамуы елдің ой-өрісінің де, құқығының да жоғары деңгейге жетілуін мүмкін етті. Мемлекеттік маңызы бар күрделі мәселелер туындады. Оған ерекше мән берген Әз Тәуке хан сол кездегі биік тұлғалар Төле, Қазыбек, Әйтеке билермен ақылдаса отырып, “Жеті жарғы” атты белгілі заңдар топтамасын, қазақтың шын мәніндегі бірінші Конституциясын жасап шығарды.

Бұл жеті арна болып ел өмірінің жеті саласын тұтас қамтыған әдет заңының жүйесі халық, мемлекет, жеке адам болып тіршіліктің барлық бағыты бойынша белгілі өлшемдерді, қағидалар мен ережелерді қалыптастырды.

Ел тарихында бес Конституция болған, соның ішінде қазіргі қолданыстағы 1995 жылғы Конституция. Қазақстандағы негізгі заңдар 1926, 1937, 1978 және 1993 жылдары қабылданды.

1. 1926 жылы 18 ақпанда Қазақ АССР-і Орталық атқару комитеті Қазақ АССР-інің Конституциясын бекіткен болатын, бірақ бұл құжат күшіне енбеді. Себебі оны сол кездегі кеңестік Ресей Федерациясы Орталық атқару комитеті бекітуден бас тартты.

2. Конституционализм кезеңі – бұл 1937 жылдың 26 наурызындағы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Конституциясы. Ол төтенше Бүкіл қазақ съезінің қаулысымен алғысөзсіз, бөлімдерсіз бекітілген. Тек 11 тараудан және 124 баптан тұратын. Азаматтардың негізгі құқықтары мен міндеттері 9-тарауда ғана берілген. Оның 108-бабының 2-бөлігінде “Қоғамдық социалистік меншікке қол сұғушы адамдар халық жауы болып табылады” делінген.

3. 1978 жылы 20 сәуірдегі Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Конституциясының қабылданып, бекітілуі. Ол 10 бөлімнен, 19-тараудан, 173 баптан тұрады. Бұл негізгі заңның өзекті мәселелері – жалпы халықтық мемлекетті, мемлекет құрлысының принциптерін, қоғамның саяси жүйелерінің бөліктерін немесе буындарының мызғымастығын уағыздау; ең бастысы – қоғамдық саяси ұйым ретінде Коммунистік партияның үстемдігін заңдандыру.

Қазақстан Республикасының егемендік алған уақытындағы қысқа кезеңде оның тарихында екі Негізгі заң дүниеге келді. Біріншісі бізге 1978 жылғы Кеңес Одағынан жетсе, екіншісі – Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясы – 1993 жылдың 28 қаңтарында сол кездегі Жоғарғы Кеңеспен қабылданған еді. Бірақ КСРО ыдырап, еліміздің заңдық жүйесін бастау керек болғандықтан асығыс және жүйесіз қабылданған бұл Конституция жаңа құқықтық, демократиялық қатынастарды биікке ұстаған қоғамның талаптарына сай келмеді. Ата заңды көп өзгерту одан нәр алатын басқа заңдарға және Қазақстан халқына біраз қиындықтар алып келетіні ақиқат еді. Бірақ, Конституция қатып қалған догма емес, заман өзгерген сайын оны өзгерту, өмірде орын алып отырады.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамызында референдум арқылы қабылданған Конституциясы Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихында маңызды әрі шешуші оқиға болып табылады. Себебі, Конституция – еліміздің Негізгі заңы – қазақ мемлекеттігі тарихының жаңа бетін ашып, еліміздегі барлық азаматтарға шыққан тегіне, дініне, саяси көзқарасына қарамастан бірдей құқықтық кепілдік беріп, сонымен бірге құқылы мемлекет құрып, азаматтық қоғам қалыптастыру үшін біздің міндеттерімізді де нақты анықтап берді. Қазақстан Республикасының Конституциясы арқасында елімізде адамды қастерлеу, құрметтеу, адамгершілік сезімдеріне үлкен маңыз берілді, әркімнің өзінің жеке басының бостандығы заң жүзінде қорғалды және заң бойынша адамның жеке басының қадір-қасиетіне қол сұғылмайтын болды.

Конституцияда жеке, азаматтық және саяси құқықтарға, осы құқықтардың кепілдігіне айтарлықтай көңіл бөлінді.

Айтар болсақ, Конституциямыздың 39-бабының 3-тармағына сәйкес азаматтардың құқықтарын, яғни азаматтық құқығы, өмір сүру құқығы, жеке өміріне, өзінің және жанұясының құпиясына қол сұғылмауына, мемлекет органдары мен лауазым иелерінің кінәсінен шеккен зиянды қайтарып алуына т.б құқықтарын тіпті ең төтенше жағдайлардың өзінде де шектеуге рұқсат бермейтіні және адамдардың құқықтары мен бостандықтарына қоғамдық тәртіпті, адамның құқығы мен бостандығын, халықтың денсаулығын қорғау мақсатында ғана шектеу қойылуы мүмкін екендігі көрсетілді.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы азаматтарының заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстауына, оны мұраға қалдыруына конституциялық кепілдік жасалды.

Сонымен қатар жерді меншіктеу құқығы бекітілген және сонымен қоса өзінің мүмкіндіктерін және мүліктерін кәсіпкерлік қызметте және заңмен тыйым салынбаған экономикалық қызметте еркін пайдалануына құқықтары бар. Бұл нарықтық экономиканың тұрақты дамуы, экономикалық реформаның алға жылжуы үшін сенімді конституциялық негіз жасауды қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабында әр адамның өзінің бостандығы мен құқығын сот арқылы қорғай алатыны көрсетілген.

Әр адамның заң мамандарынан көмек алуға, үкімді Жоғары сотқа қайта қаратуға, жазаны жеңілдетуді сұрауға құқығы бар [1]. Азаматтардың медициналық көмек алуына, мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік берілді. Ал орта білім алу Конституция бойынша міндетті деп табылған. Қазақстанда Конституция негізінде құқықтық мемлекет құру жолына тоқталар болсақ, құқықтық мемлекет құру мен қоғамды демократияландыру бұл ұзақ

та күрделі процесс. Бұл біздің жас мемлекетіміздің аяғынан қаз тұру жолынан да жақсы байқалады. Тоталитарлық жүйеден демократиялық қоғам өміріне өту қажеттілігі айқын болған күннен бастап-ақ Қазақстан халқының алдында ең алдымен Қазақстан мемлекетінің егемендігі мен тәуелсіздігін баянды ету міндеті тұрды.

Біздің Конституциямыз бойынша Қазақстан халқы егемендіктің иесі, республикадағы мемлекеттік биліктің бірден бір қайнар көзі болып табылады. Республикада тек қазақтар ғана емес, басқа ұлт өкілдері де тұрады. Сондықтан саяси ымыраға келу қажет болғандықтан қазақ халқы өз қамын күйттеумен қатар, басқа ұлттардың да мүддесін көздейді сөйтіп жас мемлекетіміздің тыныштығын одан әрі нығайтуға ат салысып келеді.

Құқықтық мемлекет құру, қоғамдық өмірді демократияландыру, жалпыұлттық келісім мен ынтымақ Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастықтың лайықты толық мүшесі болып енуінің басты шарты болып табылады. Қазіргі таңда осы жетістіктер арқасында Қазақстан әлемдік қауымдастықта танымал және беделді елдер қатарында. Оған дәлел ретінде еліміздің Еуропадағы Қауіпсіздік пен Ынтымақтастық Ұйымына төрағалық етуін атап өткен жөн. Біздің Конституциямыз – бұл біздің Ата заңымыз және таңдауымыз, оны әрдайым құрметтеу керек. Конституциямен өмір сүру дегеніміз демократияның ең жоғары мектебі, оның сабақтары мен тәжірибесін баршамыздың игере білуіміз.

Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттар мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады.

Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады. Осыған орай, Ата заңымызда белгіленген қағидалар мен принциптердің сақталып, бұзылуына жол бермеу бағытында басқа да мемлекеттік органдармен қоса, Қазақстан Республикасының әділет органдары да өз үлесін қосуда.

«Әділет органдары туралы» Қазақстан Республикасы заңында жүктелген функциялары мен міндеттерін жүзеге асыру барысында әділет органдары жалпымемлекеттік даму стратегиясын әзірлеу мен іске асыруға қатысу, заң жобасы жұмысын жүргізу, заңдарды талдау, жетілдіру, жүйелеу, жалпыға міндетті маңызы, азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің заң сараптамасын жүргізу арқылы адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының үстемдігін, Қазақстан Республикасының егемендігін, Қазақстан қоғамы мен мемлекетінің тұрақты және қарышты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық заңдарды қалыптастыруға қатысу жұмыстарын жүзеге асыруда. Сондай-ақ, әділет органдары заң бұзушылықтар орын алғандығын анықтаған жағдайларда, дер кезде заңның бұзылуын жою туралы ұсыныс енгізіп, азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуына жол бермеу жұмыстарын атқаруда [2].

1993 жылғы Конституцияда жердің тек мемлекеттің меншігінде екендігі көрсетілген, ал жаңа Ата заңымызда жер, заңда бегіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте болуы мүмкін делінген. Қазақстан азаматтарының қазіргі күнкөрісі тек жермен байланысты болғандықтан бұл өзгеріс, әрине, оңтайлы болды.

Осы тұрғыда өз ойымызды түйіндей келе айтарымыз, қазіргі дамыған елдердің қатарына қосылу – барлық мемлекеттердің арманы, әрине, мұндай жағдайға қол жеткізу біздің республикамыздың маңдайына жазылатынына күмәніміз жоқ, бірақ бұл үшін алда талай жұмыстар атқарылуы тиіс және атқарылып та жатқанын айту керек. Ең алдымен сол елдердің деңгейіне жету үшін олармен үлкен қарым-қатынаста болуымыз керек, яғни шетелден инвесторларды тарту, импорт-экспорт мәселелері, олармен халықаралық шарттар жасасу, шет мемлекеттермен тығыз байланыста болу. Міне, осыған байланысты ескі Конституциямызда айтылмай кеткен жоғарыдағы мәселелер 1995 жылғы Конституцияда орын алып, халықаралық шарттардың басымдылығын баса атап көрсетті. Бірақ, осы Конституцияда халықаралық құқықпен жалпы мойындалған қағидаларға сәйкес бекітілген адам мен азаматтың жекелеген құқықтары іс жүзінде өрескел бұзылып жатады, бұл келесі бір үлкен проблемаға алып келеді.

Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауында Конституциямыздың әлеуетін барынша пайдалану қажеттігін, оның әлемдегі демократиялық қоғамның негізгі міндеттеріне сәйкес келетіні әлемде танылып

отырғандығын және Конституцияда берілген құқықтарды айқын пайдалану жағдайында ғана болуға тиістігін атап көрсетті [3].

Бүгінде елімізде жүргізіліп жатқан сот реформасындағы оң өзгерістер біртіндеп жүзеге аса бастағаны және соның арқасында сотқа деген халықтың сенімі күннен күнге артып келе жатқанын айта кету керек. Көптеген заңдар қабылданып, өзгерістер енгізілді. Әрине, алда шешімін табуға тиіс басқа да мәселелер бары белгілі. Дегенмен, басшылыққа алып, бағдар беретін Негізгі заң өз әлеуетін әлі жоғалтқан жоқ. Мәселе оның орындалуына қатысты болуға тиіс.

Сондықтан, Қазақстанның әл-ауқаты мен тұрақтылығының, демократиялық жолмен дамуының іргетасы болған Конституцияны құрметтеу және оны сақтау – әрбір азаматтың борышы. Еліміздің тұрақтылығы мен тыныштығының кепілі – Конституция.

Қазақстан Республикасының Конституциясы қоғамдық тіршілік тынысын реттеуші және қазақ халқын басқа мемлекеттермен бірдей биік шыңға жетелеуші және ол шынайы демократиялық құжат екеніне көзіміз жеткен секілді. Еліміз Конституцияны ұлықтап, жүзеге асыра білгенде ғана ол бізге қызмет ететіндігін ұғынуымыз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының (Негізгі заң) Конституциясы : ресми мәтін. – Астана : Фаворит. – 2007. – 48 б.
2. Нысанбаев, Ә. Жалпы ұлттық келісім және демократиялық даму / Ә. Нысанбаев // Егеменді Қазақстан. – 1997. – 25-26 наурыз.
3. Қалмырзаев, Ә. Халықтың қуаты бірлікте. Ата-заң арналары / Ә. Қалмырзаев // Егеменді Қазақстан. – 1998. – 27 тамыз.

УДК: 342.7 (574)

КОНСТИТУЦИОННЫЕ ПРАВА ЧЕЛОВЕКА И ГРАЖДАНИНА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

А. К. Жакупова

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана

Мақалада тұлғаның құқықтық статусы, негізгі құқықтары мен заңнамалық кепілі, сондай-ақ индивидтің қоғамдағы орнын анықтайтын элементтері қарастырған. Мемлекет азаматтарымен саяси-құқықтық байланыс орнатады. Өзара сабақтастық құқықтық мемлекеттің негізгі мақсаттары мен адам және азаматтардың шынайы құқығын қамтамасыз етуге байланысты.

В данной статье рассматривается правовой статус личности, включающий в себя основные права и юридические гарантии, а также элементы, определяющие положение индивида в обществе. Государство устанавливает политико-правовую связь со своими гражданами. Взаимозависимость зависит от основных целей правового государства, реальное обеспечение прав человека и гражданина.

Legal status of a person, including main rights and juridical guarantees and also elements determination position of individual in society is considered in the article. State establishes political-legal connection with its citizens. Interdependency depends on main aims of legal state, real support of humans and citizens rights.

Для любого общества и любого народа мира государственность является главным условием существования и развития. Именно от государственности зависят судьбы людей, их настоящее и